



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc mmginfo

№02 (184), НАУРЫЗ, 2025



«Амал» мерекесі – бірлік пен берекенің бастауы



14 наурыз – Көрісу күні, ежелден бері қазақ халқы үшін татулық пен ізгіліктің символына айналған Амал мерекесі. Бұл күн адамдардың бір-бірімен құшақ жайып, амандық сұрасып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін ерекше мейрам.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бұл игі дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жалғап, биыл да Амал мерекесін кең көлемде атап өтті. Компаниямыздың бас кеңсесінде және Жетібай мен Қаламқас кен орындарында ұйымдастырылған мерекелік шарада әріптестер бір-бірімен көрісіп, ізгі тілектерін арнады.

Іс-шара барысында ұлттық тағамдар әзірленіп, дастархан

жайылды. Әріптестер арасында байқау ұйымдастырылып, қайырымдылық шаралар да өтті.

Амал мерекесі – тек көрісу күні емес, ол адамдарды жақындастырып, ынтымақ пен бірлікті нығайтатын күн. Осындай дәстүрлерді сақтау мен дәріптеу – «Маңғыстаумұнайгаз» ұжымы үшін маңызды құндылықтардың бірі.

Біз бірлігі бекем, ынтымағы жарасқан үлкен ұжым ретінде әрқашан ұлттық құндылықтарды дәріптеп, ортақ мақсат жолында еңбек етуді жалғастыра береміз!

Амал мерекесі құтты болсын!

Сағын Ерқасұлы Қырымқұловтың өмірбаяндық кітабы жарық көрді

5 наурызда «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас кеңсесінде бар өмірін Маңғыстау өлкесінің қазіргі өнім беріп тұрған ірілі-ұсақты барлық мұнай-газ кен орындарын барлауға, ашуға, жарақтандыруға, өнімін өндіруге арнаған тұлға, ұзақ жылдар «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директоры болған Сағын Ерқасұлы Қырымқұловтың өмірбаяндық кітабының тұсақесері өтті.

Аталмыш салтанатты шараға белгілі қоғам қайраткерлері, геология мен мұнай-газ өндірісі салаларының еңбек ардагерлері, Маңғыстау өңіріндегі мұнай-газ өндіру компанияларының басшылары қатысты.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Басқармасы Сағын Ерқасұлын 85 жас мерейтойымен және өмірбаяндық кітабының тұсақесерімен құттықтап, бағалы сыйлықтар табыстады.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов өз сөзінде «Құрметті Сағын Ерқасұлы, Сізді 85 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы дағдарыстан туған аса қиын кезеңнен бастап «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамын нарық заманына сай басқарған кезіңіз Сіздің өмірбаяныңыздың жарқын



беттерінің бірі болып қалатыны сөзсіз. Бүгінгі жасалып жатқан Сіздің өмірбаяндық кітабыңыздың тұсақесері құтты болсын! Кітап тұсақесерінің Қоғамның қабырғасында жасалуы Сіздей ағалардың іздерін басқан біздер үшін үлкен мәртебе» - деді.

Құттықтаушылардың қатарында «Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамының бас директоры Нұрпейіс Сәрсенбай да Сағын Ерқасұлын ыстық ықыласымен құттықтап, Қаражанбас мұнайшылары атынан мерейтой иесінің иығына шапан жапты.

Кітапта киелі өлкеміз Маңғыстаудың төл перзенті Сағын Ерқасұлы Қырымқұловтың ерен еңбек жолы, өрелі істері, өнегелі өмірі туралы айшықты әңгімеленген. Мұнайлы өлкеміздегі тарихта қалған, талай-талай нарқасқалардың атағын шығарған геологиялық барлау, мұнай-газ өндірісі жұмыстарымен қатар, сонау ХІХ-ғасырдан бергі Сағын ағаның ата-бабалары туралы баяндалады. Кітаптың осы тұсын оқып отырып, Қараманды маңында қоныстанған сол замандағы халықтың тұрмыс-тіршілігімен, сол кезде орын

алған оқиғалармен танысып, туған өлкеміздің тарихынан біраз қызықты деректер алуға болады.

Патша үкіметі тұсындағы Маңғыстау, Кеңес үкіметінің орнаған кезі, соғыс жылдары, соғыстан кейінгі халықтың өмірі - кітапта өрелі оймен өрнектеледі.

Сәкеңнің балалық шағы, ер жеткен кезі, мектеп бітіріп, еңбекке араласқаны, әскерде болғаны, студент кезі әсерлі жазылған.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры болған кезде өзі туып өскен өлкесінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, түбектің түлеуіне, өркендеп, гүлденуіне зор үлес қосуды мақсат еткені айтылады. Сәкеңнің жергілікті халықтың еңбекпен қамтылуына басты назар аударғаны, жастардың мамандық алып, мұнай кеніштеріне жұмысқа тұруларына жағдай жасағаны, өз өлкесінің шынайы жанашыры болғаны айрықша баяндалады.

Кітапта Сағын Ерқасұлының әр кезде, әртүрлі басылымдарға берген сұхбаттары, мақалалары кең көлемде келтірілген.

Біз де өз тарапымыздан Сағын Ерқасұлын мерейтойымен және өмірбаяндық кітабының тұсақесерімен құттықтай отырып, нар тұлғалы ағамызға мықты денсаулық, қажымас қайрат тілейміз. Ел-жұртыңызбен бірге көрер қызық-қуанышыңыз таусылмасын, Сағын аға!

Аға-апаларымызға адал еңбектері үшін мың алғыс

Қазақ халқы ежелден алғыс алуды, бата алуды өз өмірінің мұраты санаған халық, «Алтын алма, алғыс ал» дегенді айтқан халқымыз алғысты бәрінен биік қоя білгені баршаға аян.

3 наурыз күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы басшылығы компанияда ұзақ жылдар еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан әріптестерімізге құрмет көрсетті. Компанияда қалыптасқан дәстүр бойынша үлкендерге құрмет көрсету шарасы «Алғыс айту» күніне орайластырып өткізіледі. Оған қоса бүгінгі салтанатты шара барша мұсылманға қасиетті Рамазан айына түсіп отыр. Ораза ұстаған әрбір жанға Рамазан айында Алла Тағала әрқайсыңыздың оразаларыңызды қабыл етіп, мол сауаптан жазсын дейміз.

Мейрамханада өткен бұл салтанатты жиында ауыз ашар рәсімінен кейін Қоғам Басқармасы шақырылған еңбек ардагерлері мен құрметті демалысқа шыққан аға-апаларымызға компанияның өркендеуіне қосқан үлестері үшін шын жүректен алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

«Өмірлерін компания кенорындарындағы сан салалы жұмысқа және әкімшілік басқару аппаратында қызмет етуге арнаған зейнеткерлеріміз, өздерінің мол тәжірибелерін жас ұрпаққа жеткізіп, мұнай-газ өндірісінде еңбек етіп жүрген көптеген азаматтарға тәлімгер әрі ұстаз бола білген жандар.

Компаниямыздың бүгінгі жетістіктерге жетуіне Сіздердің ерен еңбектеріңіздің алар орны ерекше. Адал еңбектеріңіз бен төккен терлеріңіз үшін Сіздерге

алғысымыз шексіз.» - деді өз сөзінде Бас директордың бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов. Қоғам зейнеткерлеріне «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қадірлі еңбек ардагерлері, компания кәсіподақ комитеті мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары да ізгі тілектерін білдірді.

Салтанатты жиында Мұрат Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясының әртістері әсем өнерлерін көрсетіп қонақтардың ризашылығына бөленді.

Біздер де зейнеткерлерімізге, еңбектеріңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күндеріңіз құтты болсын дей отырып, зор денсаулық, отбасыларына бақ-береке тілейміз! Еліміз – аман, жұртымыз – тыныш болғай!



КОНСТРУКТИВНЫЙ ДИАЛОГ НА КАЛАМКАСЕ

14 марта в ходе рабочей поездки в Мангистаускую область руководство АО «Самрук-Қазына» посетило месторождение Каламкас.



Визит высоких гостей совпал с праздником весны и обновления - Аман, который по традиции широко отмечается в Мангистау. Поэтому открывая встречу, управляющий директор по корпоративному управлению, социально-трудовым отношениям и охране труда Гибрат Ауганов и омбудсмен Серикбай Трумов тепло поздравили трудовой коллектив с праздником, пожелав успехов в новом году.

В ходе совещания, в котором также принимало участие руководство представительства АО «НК «Каз-МұнайГаз» в Актау, Правление АО «Мангистаумұнайгаз», руководство и начальники цехов ПУ «Каламкас-мұнайгаз», Гибрат Ауганов ознакомил собравшихся с основными аспектами деятельности АО «Самрук-Қазына», а затем ответил на вопросы нефтяников.

Встреча руководства «Самрук-Қазына» с работниками Каламкаса получилась весьма плодотворной и конструктивной: в рамках открытого диалога нефтяники охотно делились своими пожеланиями, поднимали актуальные темы и вопросы. В частности, в ходе совещания обсуждались вопросы тендерных процедур, закупки товаров и услуг, социально-бытовых условий, оплаты труда, сверхурочной работы и многое другое.

По итогам встречи стороны отметили важность подобных мероприятий и условились и дальше вести совместную работу по улучшению социально-бытовых условий нефтяников на месторождении.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ АО «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ»

Акционерное общество «Мангистаумұнайгаз» продолжает активно внедрять цифровые технологии, позволяющие повысить эффективность добычи нефти и оптимизировать производственные процессы.

Одним из ключевых проектов компании является создание на базе производственного управления «Каламкасмунайгаз» Центра управления месторождением (ЦУМ). Данный проект впервые внедрен на объектах АО «Мангистаумұнайгаз» и представляет собой интеллектуальную платформу для мониторинга и управления технологическими процессами на месторождении.

Центр спроектирован по принципу единого IT-пространства, где работники с помощью цифровых инструментов в круглосуточном режиме контролируют и анализируют все производственные процессы на месторождении.

Основная задача нового Центра – это обеспечение эффективного освоения и эксплуатации месторождения на всех этапах, в том числе формирование единой интегрированной системы сбора, обработки и хранения информации, повышение эффективности технологического управления, автоматизация учета, контроль фактических затрат, оптимизация энергопотребления и многое другое.

В настоящее время система ЦУМ ПУ «Каламкасмунайгаз» уже интегрирована со всеми ключевыми производственными объектами месторождения – Цехами добычи нефти и газа, Установкой предварительного сброса воды, Цехом по подготовке и перекачке нефти, Газотурбинной электростанцией и др.

- Центр работает на базе AVEVA System Platform, которая позволяет не только производить сбор и обработку данных в режиме реального времени, но и прогнозирует возможные отклонения в будущем, автоматически уведомляет персонал о превышении установленных порогов, - отмечает инженер-электроник ДАИТиС Ержан Кумысов. - Применение подобных цифровых технологий, выводит нашу Компанию на качественно новый уровень и создает эффективную основу для дальнейшего развития.

В будущем в Центре управления месторождением на Каламкасе планируется интеграция системы контроля за транспортом, а в перспективе аналогичный проект планируется внедрить и в производственном управлении «Жетыбаймунайгаз».

МҰНАЙШЫ АРУЛАРДЫҢ ҚҰШАҚТАРЫ ГҮЛГЕ ТОЛҒАН КҮН!



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы табиғаттың тұтқасы – асыл аналардың, жарқын жеңгелердің, ару қыздардың мерекесі – Халықаралық Әйелдер күні қарсаңында компанияның нәзік жанды қызметкерлеріне арнап салтанатты жиын өткізді.

Қоғамда 4000-ға жуық адам қызмет ететін болса оның 16 пайызы әйелдер. Олар операторлар, геологтар, лаборанттар, кран машинистері, экономистер, есепшілер және т.б. көптеген қызметтерде компанияда ерлермен қатар еңбек етеді.

Мерекелік кешке шақырылған қыз-келіншектерді компания ер азаматтары әсем гүл силап қарсы алды. Бұл күні нәзіктік пен сұлулық атаулыны бойына жиған нәзік жанды мұнайшы арулардың құшақтары гүлге толды.

Концерттік залдан орын алған 600-ден астам, көктем гүліндей құлпырған, әріптестеріміз шараның сәнін келтірді.

Көктемге ілесе жеткен сұлу мереке - Халықаралық әйелдер күніне арналған

салтанатты шара ресми бөліммен басталды. Сахнаға шыққан «Каз-МұнайГаз» ҰК АҚ Ақтау қаласындағы өкілдігі өндірістік қатынастар департаментінің директоры Аманғали Нұрдәулетов, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Вэн Цзяцзюнь, бас директорының бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов, кәсіподақ комитетінің төрағасы Мәди Кентанов әйелдер қауымын шуақты мерекемен құттықтап, өндірісті өркендетуге атсалысқан қызметкерлерді төсбелгілермен, құрмет грамоталармен және алғыс хаттармен марапаттады.

Шара «Әйел деген – әдемілік әлемі!» атты мерекелік концертпен жалғасты. Концертте өнер көрсеткен



«Жасарт» жастар театрының қойылымы, «Айым» би ансамблі, «Радуга» балалар ансамблінің өнерлері, дәстүрлі ән дүлдүлдері Алпысбек Оңайбайұлы, Сәбит Шектібаев, Айнұр Омаровалар

және танымал әншілер Айсұлу Жолдасбаева, Мәлік Жамбылұлы, Ғаділбек Жаңай, Сұңғат Баймұратұлы ән мен жырдан шашу шашып, көрермендердің көңілінен шықты.

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Өндірісте шыңдалған геолог

Қиындыққа қайыспаған, маңдай терін сіңіріп, еңбектің нағыз дәмін татқан адамның өмір жолы – тұтас бір дастан. Байназарова Нұргүл Оразалықызы – тағдырын өндіріс жолына арнаған, болмысын қазыналы Маңғыстаумен ұштастырған жан.

Жер шарының тамырын дөп басып, оның ішкі сырын ұғынған геологтар – әрдайым ерекше жандар. Олар жаратылыс жұмбағын шешуге ұмтылған ізашарлар, табиғаттың тынысын тыңдай білетін жандар. 1969 жылдың шілде айында жарық дүние есігін ашқан Алматының қарапайым қызы бала күнінен-ақ білімге құштар, өмірге құлшынысы мол еді. Жоғары білімге қол созып, Қазақ политехникалық институтында геология мамандығын игерді.

Жас маман атанып, 1991 жылы мұнайлы мекен – Маңғыстауға табан тіреді. Сол сәттен бастап бұл өлке оның тағдырына айналды. Жаңа өмірдің есігін «Комсомольскнефть» (Қаламқас) кен орнындағы №2 цехтың геологы болып ашты. Туған өлкесінен жырақта, вахталық жұмыстың ауырлығына қарамастан, өз ісіне адалдық танытты.

Сол жылдары кен орнында бүгінгідей жайлылық қайда? Қыс қақпап, жаз аптап болып тұрса да, вагондарда күнелтіп, қарапайым тұрмыстық қажеттіліктердің өзіне зәру болып жүрсе де, жастардың көңілі көтеріңкі, жігері жасын еді. Түн жамылып карталарды зерттеген кездер, таң қылаң бере ұңғыларды аралаған сәттер – бәрі-бәрі артта қалды. Бірақ сол шақтардың бейнеті еш зая кетпеді.

Өндірісте шыңдалған маман 2005 жылы Жетібай кен орнына ауысып, №2

цехтың 1-дәрежелі геологы болды. 2010 жылдан бері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік геология және кен орындарын игеру департаментінде 1-санатты геолог қызметін атқарып келеді.

Еңбек жолы ауыртпалықсыз болды деп айту қиын. Геолог жұмысы – тек



кеңседе отыру емес, вахталық ауысымда жүріп, кен орнының әр бұрышын зерттеу, жер қойнауын оқып, табиғаттың тілін түсіну. Жас ана үшін бұл тіпті қиынға соқты. Балаларын көршіге қалдырып, 10 күндік вахтаға кететін кездері де аз болмады. Баланың ден-



Бүгінде сол күндерді еске алғанда, жүрегің бір сәт жылылық кернейді. Өмірдің мәні – өткен шақтың өнегесінде. Бүгінде үш баланың анасы, екі ұлын үйлендіріп, немерелерінің маңдайынан иіскеп отырған бақытты әже.

Алматының қызы бір кездері Маңғыстауға кетуге бекінгенімен, ақыры бұл өлке оның тағдырын айқындады. Уақыт өте келе ол бұл өңірдің өзіне қаншалықты жақын екенін ұқты. Осы топырақ оған тек кәсіби шыңдалу емес, өмірдің өзіндік сабақ-тарын да берді: қиындыққа мойын-сынбауды, ер азаматтармен қатар тұрып, шешім қабылдауды, салт-дәстүрді сыйлап, соның аясында өмір сүруді үйретті.

Өндірістің отын кешіп, өз ісінің нағыз шеберіне айналған Нұргүл Оразалықызы – маңдай терімен ел дамуына үлес қосқан еңбек адамы. Оның әрбір қадамы – төзімділіктің, адалдықтың, кәсіби шеберліктің жарқын көрінісі. Еңбегімен елге танылып, өмір жолын өнегеге айналдырған жанның ғұмыр белестері – кейінгі буынға үлгі болары сөзсіз.

Сенім үдесінен шығу – басты міндет



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының Ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехында ұңғымаларды зерттеу жөніндегі 4-дәрежелі оператордың қызметін атқаратын Майра Қатебаеваның еңбек өтіліне биыл 39 жыл болыпты. Мекеме түгілі кез келген қарсы ұшырасқан адамның шаруасын түгендеп, көмегін аямайтын Майраны әр мұнайшы мақтан тұтады. Шалымды болғасын ба, істің барысын біліп тұратын тасы пысық әріптесімізден өндіріс саласының артықшылықтарын үйренуге құштар жас мамандар да жоқ емес.

- Еңбекке ерте араластым. Үйде жұмсалып өскесін шаруаның ретінің оңай тұстары көрініп тұрады. Еңбек міндеттемесін жетік білсең атқаратын жұмысың жаттанды болып кетеді. Өндірістің кешесі мен бүгінін салыстыруға келмейді. Озық технологиялар енгізіліп, жұмыстың сапасы мен оның өнімділігі күннен күнге артып келеді. Ел экономикасын одан әрі өркендетуге атсалысамыз, - дейді «Мұнайым» әйелдер энергетикалық клубының мүшесі Майра апай.

Топтық қондырғының жұмысын, ұңғымаларды жайластыруды, тығыздағыш соғуды әлдеқашан меңгерген оператор, тәуліктік мұнай беру нормасын есептейтін автоматты жүйені бақылау, мұнай тұрбасының жарылуына, шикізаттың төгілуіне жол бермеу, мұнай өнімділігін қадағалау сынды атқарылатын күнделікті жұмыстарды жадына жаттап алған. Қазіргі таңда жаңадан жұмысқа келген жастарды үйретуші, бағыт-бағдар беруші озық мамандардың бірі.

- Адамның бірден тұлға болып тұмайтындығын, жүре келе қалыптасатындығын ескерсек ниетің мен икеміңнің, оған қоса ақылың мен еңбегіңнің арқасында өркендеп, дами түсесің. Еңбек етемін деген адам өзіне бұйырған жұмысты адал, әрі жақсы көріп, жан-тәнімен жасаса бәрі де оңай. Жауапкершілік пен адалдықты ту етіп, Компания жүктеген сенімнің үдесінен шыға білсек, соның өзі бір мәртебе, дейді мұнайшы Майра.

Мұнай саласында еңбек ету қажырлы қайрат пен ерекше төзімділікті қажет етеді. Қиындығы мен қызығы мол мұнайшының еңбегі қай кезде де елеусіз қалмаған. Майра Әбілқызының марапат қоржыны қырық жылға таяу еңбегінде бірде-бір рет ортаймаған. Елеулі мерекелер қарсаңында төсбелгі тағып, талай мақтау қағаздарын алған, құрметке бөленген

жан. Ұжымда абыройлы, биік беделге ие.

Жалындаған жастық шағында Жетібай кен орнында өзімен қызметтес мұнайшы Болат ағамызбен бірлесіп шаңырақ көтерген, көсегесі көгерген жан. Тіпті 80 жасқа қараған шағында өмірден озған енесінің өзі кезінде мұнайшылар сапында болса керек. Майра үлкендерден бата алған, салт-дәстүрді қастерлейтін, жөн-жоралғыны білетін ибалы келін, жанұя жылуын жағып отырған абыройлы ана. Сондай-ақ, ол ұл-қыздарын тәрбиелеп, бүгінде өзі де келін жұмсап отырған ене, немерелерін қызықтаушы аяулы әже, отбасының алтын діңгегі.

Компанияның өрлеуіне теңіздің тамшысындай өз үлесін қосып жүрген жұмыскер Майра кейіпкерімізге біз де өз тарапымыздан денсаулық пен амандық тілеп, ұрпақ рақатын көріңіз демекпіз.





«Мұнайым» тынысы

2023 жылғы 25 мамырда «KAZENERGY» әйелдер энергетикалық клубының төрағасы Айзада Аққайсиеваның қатысуымен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында Маңғыстау облысының жетекші мұнай-газ және энергетикалық компаниялары нәзік жандылар өкілдерінің кездесуі өтті.

Дәл сол күні кездесудің қорытындысы бойынша, компаниямыздағы еңбеккер әйелдердің қоғамдағы рөлін күшейту және кәсіби қызметтегі мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әйелдер энергетикалық клубы құрылып, Қоғам Қаржы департаментінің директоры Шолпан Ильмуханбетова бірауыздан «ММГ» АҚ әйелдер бірлестігінің жетекшісі болып сайланды. Оған қоса «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ӘЭК атауы дауысқа салынып, 2023 жылғы 22 желтоқсанда Қоғамның ҚБ/ӨҚБ жұмыскер әйелдері бірауыздан «Мұнайым» деген атауды берді.

Ерлермен иық тіресе жүріп, Компанияның қарқынды дамуына, межелі жоспардың асыра орындалуына атсалысып жүрген әрбір әйел – әрбір шаңырақтың айы, ханшайымы немесе ханымы, әйелі, жұбайы, теңдессіз айымы. Демек, мұнай және айым сөздерінен құралған атау өндіріс саласында қызмет етіп жүрген мұнайшы арулардың бар болмысын: нәзіктігі мен мейірімділігін, жауапкершілігі мен іскерлігін, төзімділігі мен ұстамдылығын білдіреді.

Ал 2023 жылғы 31 қаңтарда «Мұнайымның» логотипі бекітілді. Таңдау барысында Автоматтандыру, ақпараттық технология және байланыс департаментінің ақпараттық деректер базасы бөлімінің ERP бойынша сүйемелдеу тобының аға инженер-бағдарламашысы Шолпан Әбдіманаптың төл туындысы бірден қолдау тапты. Автордың айтуынша мұнай тамшысындағы арудың келбеті – әр жұмыскер әйелдің ішіндегі өзіне тән нәзіктігінен, сұлулығынан, ұяңдығынан сыр шертсе, Компанияның брендтелген логотипі бедерленген қазақы сырғасы - туған жердің дәстүрлерін құрметтейтіндігін және Компанияның корпоративтік мәдениетін ұстанатындығынан хабар береді. Сәукелесінен төгілген ақ желегінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ брендтік жазуы жазылған, ол өз кезегінде мұнайымдықтардың әрқайсысының ер азаматтармен бірлесіп жүріп, әрбір жұмысшы әйелдің өз білімімен, еңбегімен Қоғам мүддесін адал және шынайы атқаратындығын, кәсіпорынның абырой-беделін арттыру мақсатында күнделікті үлес қосып жүргендігін бейнелейді.

Құрылғанына санаулы уақыт болса да «Мұнайым» ӘЭК біршама істер тындырды. Айталық, Қоғамның ірі кен орындары: «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы мен «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасында клубтың құрылу тарихы, оның негізгі тұжырымдамалары, қызметі, жоспарлары, перспективасы туралы ақпараттық-танымдық кездесу жиналыстары өткізілді. Кейіннен осындай кеңестердің күн тәртібіндегі қозғалған мәселелер бойынша жоспарлы түрде бірқатар іс-шаралар жасалды. Атап айтар болсақ Қаламқас кен орнындағы жатақханаға әйел адамдар үшін арнайы кір жуатын машина орнатылды, сондай-

ақ кітапханада көркем әдебиеттер қатары жаңартылды, қаламқастық клуб мүшелеріне қалашықтағы «Жастар үйінің» ғимараты жұмыстан тыс кездегі үйірмеге, сахналық қойылымдарға даярлық үшін пайдалануға берілді, «1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне» орай Қоғамда ерекше балаларды тәрбиелеп отырған жұмыскер аналарға сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар, Қаламқас вахталық кентінде «Бәйшешек» қорының директоры, Маңғыстау облысының қоғамдық кеңесінің мүшесі, тәжірибелі дәрігер Алтын Сақтағановамен «Әйелдің репродуктивті денсаулығы», «Отбасындағы денсаулық мәселесі» тақырыбында еркін форматта өткен жиыны, теңіз жағалауында Компанияның жас мамандарымен бірлесіп өткізген «Жасыл фитнес» таңғы жаттығу сәті, спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұдан кейін жаңалықтың жаршысы болып жүретін мұнайымдықтар әріптестерге арнап әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері кеңсенің ішкі ауласындағы гүлзар жанында таңғы медитация өткізуді қолға алды. Ай сайын үзбей «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жеке корпоративтік газеті «Мұнайлы өлкенің» әрбір кезекті санына, Компанияның Instagram, Facebook секілді әлеуметтік желілерінде жұмыскер әйелдер туралы мақалалар жарияланып, қалың оқырман назарына ұсынылып отыр.

Іске асырылған шаралардың ауқымдысы – Қазақстан мұнайының 125 жылдығы мен Қаламқас кен орнының 45 жылдығы мерейлі мерекелерін атап өту аясында мұнайлы мекенді тербеткен, жанкешті мұнайшыларды, қалың көрерменді тебіrentкен «Әз, әулие Қаламқас» пьесасы болды. Қойылымды «Мұнайым» ӘЭК төрайымы Шолпан Ильмуханбетованың бастамашылдық етуімен кілең «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы құрылымдық бөлімшелерінің әйел жұмыскерлері сахналады. Қаламқастағы 280 орындық Спорт кешенінде және Ақтау қаласындағы музыкалық драма театрында өткен премьералар залдық толып, өндірістік қызметінен бөлек өнерде жаңа қырынан танылған әріптестеріміз көрерменнің қошаменіне бөленді.

Қазіргі заман әйелдерден отбасында да, жұмыста да, қоршаған ортада да белсенді болуды талап етеді. Әйел – отбасының ұйытқысы әрі тірегі болса, мемлекеттің де тірегі. Компаниямыздың қалыптасуында еңбекқор әйелдердің еңбегі ерен. Осы орайда, «Бірігіп көтерген жүк жеңіл» демекші үзденің үдесінен шыға білген «Мұнайым» әйелдер энергетикалық клубының басшылары мен белсенді мүшелеріне, үнемі қолдау көрсетіп, ынталандырып отыратын мүшелеріне алғыс білдіреміз.

Қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді сақтаудағы және өсу, даму процесінде де әйелдің алатын орны зор екендігін айрықша атап өтетін болсақ, нәзік жандылар – көптеген рөлдерді қатар ұстай алу қабілетімен ерекшеленіп, еліміздегі бейбітшілік пен өркендеудің де ажырамас бөлшегі болып табылатындығына күмән жоқ. Аладғы уақытта да клуб өмірінде жағымды жаңалықтардың жаңғыратынына бек сенімдіміз.

Айсұлу Мұханова
ӘКД 1-санатты аудармашысы



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Азаматтық қорғаныс саласындағы үздік ұйым



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ азаматтық қорғаныс саласындағы жетістіктері үшін арнайы марапатқа ие болды. Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаментінің директоры компания басшылығына «Азаматтық қорғаныс саласындағы үздік санатталған азаматтық қорғаныс ұйымы» номинациясы бойынша диплом табыстады.

Бұл марапат – азаматтық қорғаныс жүйесін дамытуға қосқан үлесімздің, төтенше жағдайлардың алдын алу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы еңбегіміздің жемісі. Компаниямыз өз қызметкерлерінің біліктілігін арттырып, қауіпсіз жұмыс ортасын қалыптастыруға ерекше мән береді.

Азаматтық қорғаныс – адам өмірінің қорғаны! Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.



Жастар арасындағы пікірталас сайысынан жеңімпаздар аңықталды

«Самұрық-Қазына» қорының қолдауымен ұйымдастырылған Маңғыстау облысы жас мамандары арасындағы пікір-сайыс турнирі өз мәресіне жетті. Жарысқа қатысушылар жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, интеллектуалдық бәсекенің нағыз үлгісін танытты.

Аталмыш турнирде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасынан Қартмағанбет Зәуре де бақ сынап, үздік үштіктен көрінді. Өзінің терең білімімен, ұтымды ойларымен және шешендік қабілетімен ерекшеленген ол бәсекелестерінің арасынан суырылып шығып, үшінші орынға ие болды.

Жас мамандар арасындағы мұндай пікір-сайыс турнирлері қатысушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, қоғам алдындағы өзекті мәселелерді көтеріп, оларды шешу жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді.

Зәуре Қартмағанбет сынды дарынды жастардың жетістігі – тек жеке жеңіс қана емес, бүкіл «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы үшін мақтаныш. Өріптестеріміздің осындай сайыстарда топ жарып, кәсіби және интеллектуалдық деңгейін шыңдай беруіне тілектеспіз!



Жауапкершілік – басты қағидатым

Еңбек өтілі 35 жылға таяп қалған әріптесіміз Набат Жұбанова «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында вахталық ауысыммен жұмыс істейді. Сонау 1990 жылы Күрделі құрылыс департаментінің Фимараттар мен құрылыстарға ағымдағы жөндеу, қызмет көрсету цехына сылақшы ретінде жұмысқа орналасқан өрімдей қыз – бүгінде тәжірибелі маман, салиқалы ана.



- Алғаш рет Орта кәсіптік-техникалық училищені бітіріп, наурызда Қаламқасқа жұмысқа орналасқан күнім есімде. Оқыған мамандығыма сай болғасын болар, қызметімді бірден алып кеттім. Аса қиындық тудырған жоқ. Ұжымның ауызбіршілігі, жұмыс қарқындылығы өте жақсы болды. Уақыт шіркін жүйрік қой, осы цехқа табаны күректей отыз жылдан аса уақыт бойы тұрақтап, қазір денсаулығым байланысты «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы Ғылыми-зерттеу және

өндірістік жұмыстар цехына ауыстым. 4-дәрежелі химиялық талдау лаборантымын,- дейді мұнайымдық ару.

Күнделікті жұмысы мұнай шикізатын, суын, тауарлық мұнайды, шикі мұнай құрамдарын зерттеуден өткізумен байланысты екен. Лаборатория іші қазіргі заманның ең жаңа технологиялық құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілгендіктен, жұмыс барысы Набат үшін қызықты да күрделі көрінеді. Цех басшылығынан бастап, осы жердегі барлық жұмыскерлер оған талдау негіздерін үйретіп, үлкен қолдау білдіргендігін айтып өтті. Бір ерекшелігі, осы жұмысқа ауысқан соң, біліктілік дәрежесі көтеріліп, бірнеше марапаттарға, алғыс хаттарға ұсынылғанын қуанышты түрде бөлісті:

- Басында қиын болғанымен, жұмыстың ретін көңілге тоқып үйреніп кеттім. Жұмысымның ұнайтындығы сонша, оны қызығып жүріп жасаймын. Бастысы жауапкершілікті ұстанып, уақтылы орындауға тырысамын. Атқарған қызметіміз де елеусіз қалып жатқан жоқ, ризамын,- дейді жұмыскер Набат.

Отбасы, ошақ қасының ұйытқысы саналатын әйел затына нәзіктікпен қатар төзімділік о баста беріліп қойған. Өзіне тән қызығы мен шыжығы қатар жүретін ауысымдық еңбек әдісіне бейімделген Набатты өмір өзі қатайтқан. Жан жары өмірден өтсе де мойымай, балаларды жетістіруді өз міндетіне алып, қыздарын үкілеп ұзатып, олардан өнген тәтті жиендерінің қылығына тоймайтынын айтты. Жаратқаннан ұлына адал сүт емген саналы келін

бұйыртуын сұрайтынын, балалардың рақатын көру бақытына кенелгісі келетінін жасырмады.

Ірі өндіріс ошағының қай саласы болса да игеріп, аянбай еңбек етіп жүрген Набат Қалбайқызына біз де өз тарапымыздан денсаулық пен бақ-береке тілеп, еңбе белесінде тек қана сәттіліктер тілейміз!

**Айсұлу Мұханова,
ӨҚД 1-санатты аудармашысы**



Білікті маман, бақытты әйел

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



Мұнай кәсіпшілігінің құрылыс жұмыстарын атқаратын «Oil Construction Company» серіктестігінде кәсіби құрылысшы мамандар қызмет етеді. Олардың ішінде жаны нәзік, жүрегі

жұқа, күші аз болғанмен ішкі қуаты тау қопарардай толыққан құрылысшы әйелдер де көп. 1966 жылы көрші Атырау облысының Мақат ауданы Байшонас ауылындағы мұнайшылар отбасында дүниеге келген Зәмзәгул Құбайқызы Кенжебаеваның бұл компанияда қызмет етуіне тағдырдың өзі жол салған.

1973-1983 жылдары орта мектепті үздік аяқтап, 1983 жылы Алматы қаласына оқуға түсуге барады. Өзі туып өскен Байшонас мұнай өндіретін кен орындары бар ауыл болғандықтан Зәмзәгулдің арман-мақсаты мұнайшы болу еді. Алайда өндірісті ауылдың жолының нашарлығы жанына батқан жас түлек құрылыс мамандығына құжат тапсырады. Оған қоса өзінен бұрын мектеп бітірген ауыл жастарының басым бөлігі құрылыс саласына баруды таңдаған екен. Сөйтіп Өскемен жол-құрылыс институтының Алматы жалпы техникалық факультетінің автомобиль және аэродром жолы, құрылысшы

инженер мамандығына оқуға түсіп, 1988 жылы ойдағыдай аяқтайды.

Сол жылы жоғары білімді құрылысшыны Маңғыстаудың дәмі тартып, Ералы Қосақбай есімді азамат жары қылып, алып келеді. Жас келін, жас маман облыстық Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына жұмысқа орналасып, 2007 жылға дейін инженер, бас инженер, бөлім басшысы болып қызмет етеді. Одан соң «Oil Construction Company» ЖШС-ға орналасып, мұнайшы бола алмағанымен мұнай саласына құрылыс қызметін көрсететін мекеменің 2-санатты еңбек жөніндегі экономисі болады. Қаламқас, Жетібай кен орындарына барып, нысандардағы жұмысшылардың іс-әрекетті орындау кезінде жұмсалған жұмыс уақытын өлшеп және зерттеп, еңбекті нормалап тынымсыз қызмет атқарады. 18 жылдан бері компанияда мүлтіксіз қызмет етіп келе жатқан осы бір сүйкімді жанды әріптестерінің бәрі жақсы көреді, сыйлап, құрметтейді. Зәмзәгулдің жылы

жымысы, жарасымды әзілі, жағымды тұлғалық ұстанымдары әріптестерімен оң қарым-қатынас құруына ықпал етіп, жұмысқа жайлылық сыйлайды.

Мамандық иеленгелі жұмыстан қол үзбеген ол шаңырақ шаттығын да ұмытқан емес. Жолдасы да 40 жылдық тәжірибесі бар құрылыс саласының маманы, екеуі бірге 4 баланы өмірге әкеліп, тәрбиелеп, қоғамға бір мұнайшы, дәрігер, мұғалім мен есепші қосқан өнегелі жанұяның отанасы. Немере-жиен сүйген ардақты әже.

«Өмірдің қызығы – Сіз бен біз, жұмысыңды жетік білсең, отбасың аман, денің сау болса, одан артық адамға не керек?! Мен бақытты әйелмін, маманмын» дейді өзі.

Жұмысы тиянақты, асы дәмді, әңгімесі түзу осындай әйел қызметкерлер елдің тірегі, отбасының жүрегі десек артық емес.

Индира Сәтенбай
«Oil Construction Company» ЖШС

Жүрек ишемиялық ауруы – 21 ғасыр індеті

Жүрек-қан тамыр жүйесінің денсаулыққа әсері үлкен маңызға ие. Соның ішінде жүрек ишемиялық ауруы (ЖИА) – бүгінгі күні әлем бойынша өлім-жітімнің басты себептерінің бірі болып отыр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мәліметіне сүйенсек, жыл сайын әлемде шамамен 17,9 миллион адам жүрек-қан тамыр ауруларынан қайтыс болады. Солардың ішінде ишемиялық жүрек ауруы (ЖИА) ең көп таралған себеп болып табылады: шамамен 9 миллионға жуық адам жыл сайын ЖИА салдарынан көз жұмады. Елімізде де жүрек-қан тамыр аурулары өлім-жітімнің басты себептерінің бірі. Статистикалық мәліметтер бойынша, Қазақстанда жалпы өлім-жітімнің шамамен 20–25%-ы жүрек-қан тамыр ауруларына (20 мыңға жуық), соның ішінде ишемиялық жүрек ауруына тиесілі. Осыған орай, мемлекет деңгейінде жүрек саулығын сақтау мен аурудың алдын алу мақсатында скринингтік тексерулер мен әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асырылуда.

«Ишемиялық жүрек ауруы – 21 ғасыр індеті» деуіміздің себебі – халықтың қарқынды урбанизациясы, күйзеліс деңгейінің жоғарылауы, дұрыс тамақтанбау және дене белсенділігінің төмендігі сынды факторлар ЖИА көрсеткішінің күннен-күнге артуына ықпал етуде. Осы аурудың негізгі себептері мен алдын алу шаралары туралы қысқаша тоқталып кетсек.

Жүрек ишемиялық ауруы деген не?

Жүрек ишемиялық ауруы – жүрек бұлшықетіне (миокардқа) келетін қан көлемінің жеткіліксіздігінен туындайтын дерт. Қан айналымы бұзылғанда жүрекке қажетті оттегі мен қоректік заттар азаяды, нәтижесінде тіндердің зақымдалуына немесе некрозға (инфаркт немесе миокардтың өлімі) ұшырауына соқтырады.

ЖИА көбінесе жүректің өзіне қан тасымалдайтын тәж (коронарлы) артерияларының тарылуы немесе бітелуі салдарынан пайда болады. Мұндай патологиялық өзгеріс әдетте артерия қабырғаларында холестериннің (май) артық жиналуынан (атеросклероз) туындайды.

Аурудың басты белгілері

- Кеуде тұсында ауырсыну:

Жүрек тұсының қысылуы, күйдіру немесе қысып тұрғандай сезім пайда болуы мүмкін (стенокардия).

- Ентігу немесе тыныс тарылуы: Аздаған қимылдаудың өзінде-ақ, әсіресе баспалдақпен көтерілгенде тез шаршап қалу, демігу.

- Жалпы әлсіздік: Тез шаршау, ұйқысыздық немесе ұйқышылдық, бас айналу сияқты белгілермен көрінуі мүмкін.

- Жүрек соғысының ырғағының бұзылуы: Жүрек қағысының жиілеуі, баяулауы немесе ретсіздігі.

Бұл белгілер әр адамда әртүрлі деңгейде байқалуы мүмкін. Ал кейде ешбір белгісіз (симптомсыз), «үнсіз» түрінде өтуі де кездеседі. Сондықтан уақытылы тексеріліп, кардиолог дәрігердің кеңесін алу өте маңызды.

Ишемиялық жүрек ауруының қауіп факторлары

1. Қан құрамындағы холестерин деңгейінің жоғарылауы

Күнделікті жануар майларын көп тұтыну (майлы еттер, қаймақ, сары май, жылдам дайындалатын фастфуд т.б.) холестериннің көбеюіне әкеледі.

2. Артериялық гипертензия (жоғары қан қысымы)

Қан қысымының тұрақты түрде жоғары болуы жүрекке түсетін салмақты арттырып, тамырлар қабырғаларының зақымдалуын тездетеді.

3. Шылым шегу және алкоголь қолдану

Темекі түтініндегі зиянды заттар қан тамырлардың тарылуына және бітелуіне, атеросклероздың тез дамуына себепші. Алкогольдік ішімдіктер гипертензиясы бар науқастарда ауруын өршітуге, әртүрлі ырғақ бұзылыстарына (аритмия) және жүрек бұлшық етінің қызметінің бұзылуына (кардиомиопатия) әкеледі.

4. Артық салмақ пен семіздік

Семіздік зат алмасуын бұзып, артық холестериннің жиналуына, қант диабетінің пайда болуына және қандағы қысымның көтерілуіне әсер етеді.

5. Дене белсенділігінің жеткіліксіздігі

Қимыл-қозғалыстың аз болуы метаболизмді баяулатып, жүрек пен тамырларға зиян тигізеді.

6. Стресс пен депрессия

Тұрақты күйзеліс гормоналды тепе-теңдікті бұзып, жүрекке түсетін жүктемені арттырады.

7. Тұқымқуалаушылық

Отбасында жүрек-қан тамыр аурулары көп кездесе, ЖИА дамуы ықтималдығы жоғары болуы мүмкін.

Біріншілік алдын алу шаралары

1. Дұрыс тамақтану

Көкөністер мен жемістерді, талшыққа бай азықтарды көбірек тұтынып, жануар майларын шектеу маңызды. Жасуық (клетчатка) атеросклерозбен күресуге көмектеседі.

2. Тұрақты дене белсенділігі

Күніне кем дегенде 30 минут жаяу жүру, жүгіру, велосипед тебу, жүзу сияқты жаттығуларды орындау жүрек жұмысын жақсартады.

3. Зиянды әдеттерден бас тарту

Шылым шегуді қойып, ішімдікті шамадан тыс тұтынуды азайту керек.

4. Артық салмақты бақылау

Дене массасы индексін қадағалап, артық салмақ байқалған жағдайда, арнайы маманмен (диетолог, эндокринолог) кеңесе отырып, салмақты қалыпқа келтіру қажет.

5. Қан қысымын реттеу

Қан қысымы жоғары болса, оны дәрігер белгілеген нұсқаулықпен емдеп, үй жағдайында тұрақты өлшеп, бақылаған жөн.

6. Стресті азайту

Психологиялық қолдау, тыныс алу гимнастикасы, медитация, йога сияқты әдістерді қолданып, жүйкені тыныштандыруға көңіл бөлу керек.

7. Дәрігерлік тексеруден өту

Жүрек-қан тамыр жүйесінің жағдайын тұрақты тексеріп, ЭКГ, ЭхоКГ, қан талдауы секілді зерттеулерді уақытылы жасату – ауруды ертерек анықтауға мүмкіндік береді.

Екіншілік алдын алу шаралары

Бұл (екіншілік профилактика) – бұрыннан диагноз қойылған немесе миокард инфарктінен басынан өткерген науқастарда аурудың қайталануын болдырмауға, асқинулардың алдын алуға және өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған шаралар жиынтығы.

1. Дәрі дәрігерлік ем: Маңызды:

Барлық дәрігерлік тағайындаулар науқастың жеке жағдайына, қосымша аурулары мен зерттеу нәтижелеріне сәйкес жасалады. Өзін-өзі емдеу қауіпті екенін ескерген жөн.

2. Медициналық тексеру мен процедуралар.

1. Тұрақты дәрігерлік бақылау: Кардиологқа жүйелі түрде қаралып, ЭКГ, ЭхоКГ, қан анализдері (липидтер деңгейі, биохимия) т.б. тексерістерді өткізіп отыру.

2. Ем-дом барысын, дәрілердің жанама әсерлерін қадағалау.

3. Хирургиялық араласу (қажет



болған жағдайда!!!): Коронароангиография (стенттеу - коронарлық артериялардың тарылған тұсын кеңейту) және аортокоронарлық шунттау (АКШ) – қатты бітеліп қалған артерияларды айналып өтетін қосымша тамыр жалғау.

3. Жеке ерекшеліктерді ескеру:

Әрбір науқастың жас шамасы, қосымша аурулары (қант диабеті, бүйрек жеткіліксіздігі, бауыр аурулары), тұқымқуалаушылық факторлар ескеріле отырып, емдік және алдын алу шараларын тағайындау.

Ескерту: Науқас емдеу процесіне белсенді түрде қатысып, дәрігерге уақытылы хабарласып, денсаулығындағы өзгерістер туралы ашық айтуы қажет. ЖИА кезінде хирургиялық ем (стенттеу немесе АКШ операциялары) аурудың ағымына тікелей әсер етпейді, бірақ бұл емдеу тәсілі науқастың өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді. Аурудың асқинулары мен өршуінің алдын алу үшін оптимальді дәрілік ем мен дұрыс өмір сүру салты (дұрыс тамақтану, зиянды әдеттерден арылу, физикалық белсенділік) маңызды рөл атқарады. Халықаралық және отандық медициналық протоколдарда оптимальді дәрілік ем мен салауатты өмір салтын ұстанған кезде, науқастың шағымдары сақталса ғана хирургиялық емге жүгіну ұсынылады.

Қорыта келгенде жүрек ишемиялық ауруы – қазіргі заманда ең көп таралған және ең қауіпті дерттердің бірі. Дегенмен оны «21 ғасыр індеті» деп атағанымызбен, алдын алуға болатын аурулардың қатарында. Әр адам өзінің өмір салтына жауапкершілікпен қарап, дұрыс тамақтанса, белсенді қимылдаса және зиянды әдеттерден аулақ жүрсе, жүрек денсаулығын едәуір нығайта алады. Кез келген ауруды емдегеннен гөрі оның алдын алу едәуір тиімді. Ендеше, әрқайсымыз жүрек саулығын сақтауға күш салып, болашақ ұрпаққа үлгі болуға тиіспіз.

Асхат Қыдырбаев,
Дәрігер кардиолог
Нейрон-Мед клиникасы

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Арманын тапқан Ақайша

8 Наурыз – көктемнің алғашқы шуағымен келетін мерекелердің бірі. Халықаралық Әйелдер күні қарсаңында мұнай, газ саласында ұзақ жылдар еңбек еткен, өмір жолы жас ұрапаққа үлгі-өнеге болатын нәзік жанды әріптесіміз - «Мұнайтелеком» жауапкершігі шектеулі серіктестігі Қаламқас байланыс учаскесінің байланыс электрмеханигі Оңғарбаева Ақайша Анатольевна туралы сыр шертеміз.



1996-1999 жылдары Жаңаөзен мұнай және газ колледжінде "Автоматтандырылған жүйелерді пайдалану" мамандығын бітірген Ақайша Оңғарбаева, 2005 - 2008 жылдары М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясында «Автоматика телемеханика және байланыс» мамандығы бойынша жоғары білім алады.

Ақайша апай еңбек жолын «Мұнайтелеком» жауапкершігі шектеулі серіктестігінде Жаңаөзен байланыс цехының 3-разрядты телефоншысы лауазымынан бастады. Уақыт өте келе тұмысынан талпынысы зор, зеректігімен көзге түскен ол, 1999-2001 жылдары Жаңаөзен байланыс цехының Халыққа қызмет көрсету жөніндегі

кассирі одан кейін, 2001-2015 жылдары аралығында Радиобайланыс цехының станциялық телефон байланысы жабдықтарының электромонтері қызметін атқарады. 2015 жылдан бүгінгі күнге дейін байланыс саласы бойынша инженерлік-техникалық қызметкер лауазымдары қызметтерін атқарып келеді. Осы салада еңбек еткеніне биыл 33 жыл толады екен. Қашанда «Міндеттеме алу – бір ерлік, оны орындау мың ерлік» деген. Көптеген жылдар бойы мұнай саласында жұмыс істеп жүріп, отбасының жағдайын жасап, бала тәрбиелеп өсіріп, ұлағатты ана атанды. Ол ең ұлы бақыт – ана бақыты деп біледі. Еңбек жолында айтарлықтай жетістіктерімен алда жүруінің де бір себебі – отбасындағы қалыптасқан түзу тәрбие мен тәртіптің жемісі. Түзде еңбек етіп, балашағаның несібесін теру бір басқа да, үйде нар қыздардың бірегейі – Ақайша үлгілі ата-ана болудың жауапкершілігі одан да жүгі ауыр міндет деп бағалайды. Бүгінде Ақайша ұл мен қызды бағып-қағып, өсіруде. Ісіне шын берілгендер ғана жұртына тірек, елінің абыройына абырой қоспақ. Ел байлығының күннен күнге еселеніп жатқаны, туған түбегінің ырыс-несібесінің бүтін тұрғаны, Ақайша мен оның әріптестеріндей қарапайым жандардың еңбегінің нәтижесі. Олай болса, ел игілігі үшін етіп жатқан еңбектеріңіз жана берсін, мұнайшы қыздар!

«Мұнайтелеком» ЖШС

«Наурызнама-2025»: Ерекше балаларға қайырымдылық



Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Наурыз мерекесін жаңа форматта атап өту – "Наурызнама-2025" тұжырымдамасы бекітілді. Бұл бастама аясында 14 наурыз – Көрісу күнінен бастап, 23 наурызға дейін еліміздің түкпір-түкпірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, ізгі амалдар жасауға бағытталған іс-шаралар өтуде.



Маңғыстау облысында да бұл онкүндік аясында түрлі игі бастамалар қолға алынды. Соның бірі – облыстық "Қамқорлық" балаларды оңалту орталығында өткен қайырымдылық шарасы. "Самұрық-Қазына" АҚ-қа қарасты еншілес мекемелер ұымдастырған бұл акцияда ерекше күтімді қажет ететін балаларға қолдау көрсетілді.

Шара барысында дәстүрлі тұсау кесу рәсімі өткізілді. "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Марат Елеусінов сәбидің тұсауын кесіп, оған ақ жол тіледі. Сонымен қатар, компанияның "Мұнайлы өлке" қайырымдылық қоры арқылы қаржылай көмек көрсетілді.




Боулинг бәсекесі

8 наурыз мерекесіне орай компания қызметкерлері арасында боулингтен сайыс ұйымдастырылып, нәзік жандыларға ерекше көңіл-күй сыйлады. "ЭЛИС" ойын-сауық кешенінде өткен бұл жарыс командалардың ұйымшылдығы мен шеберлігін сынайтын қызықты әрі тартысты шараға айналды.



Нәтижесінде: Бірінші орын – Еңбек қатынастары саласындағы мердігерлермен өзара іс-қимыл қызметі (328 ұпай); Екінші орын – Сатып алу департаменті (315 ұпай); Үшінші орын – Қаржы департаменті (297 ұпай). Сонымен қатар, "Үздік страйкер" атағы тамаша ойын көрсеткен қаржы департаментінен Жаннат Зұлпықароваға берілді. Жеңімпаздар тек құрметке ғана бөленіп қоймай, қаржылай марапатқа да ие болды. Бұл жарыс мерекенің көркін қыздырып қана қоймай, ұжымдық рухты арттырып, сергектік сыйлады. Осындай шаралар қызметкерлердің бір-бірімен жақынырақ танысуына, жақсы көңіл-күй қалыптастыруға және ортақ жетістікке бірге ұмтылуға мүмкіндік береді.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Л. Жолдыбаева

Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күелігі берілген

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

«Атис» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
«Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
1 үй, 3 кеңсе
тел: 8(7292)525 500